

**М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі
«Мектепке дейінгі тәрбие» бөлімі**



«Мен - болашақ маманмын»

Машықтанушы: Мәжит Көркем Ерболқызы



**«Білім - біліктілікке жеткізер баспалдақ,
ал біліктілік - сол білімді іске асыра білу дағдысы»
Ахмет Байтұрсынов**

Мамандық – әрбір адамның болашағы, сондай-ақ тіршілік көзі болып табылатын сүйікті іс. Кез келген адам өз мамандығына құрметпен қарайды емес пе. Мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Әлемде 40 мыңға жуық әртүрлі мамандық бар, статистердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 млн. адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12 пайызы қайтадан өз орнына қайтып оралатын көрінеді. Қандай маман болсаң да адал, еңбекке қабілетті, зейінді, ойлы болуың қажет. Әр мамандықтың өзіне тән ерекшеліктері бар. Изгі мамандықтардың бірі – тәрбиешілік дер едік. *Тәрбиеші баланы оқытып-тәрбиелеп, елін көркейтер азамат болуындағы негізді қалайды.* Мен тәрбиеші мамандығын таңдау арқылы оның негізгі міндеттерін шешуім керек, олар: мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, денсаулығын нығайту, дүниетанымын кеңейту, білім жолына түсіру – яғни тәрбиеші бола отырып өз елінің тірегі болатын Қазақстан азаматының қалыптасуына өз үлесімді қосамын

Білім алушы сабақты, дәрісті тындағанда дәрістің – 10% есінде қалады. Көргенде -40% мәліметті сақтайды да артынша қайталап айтса 70% есінде қалады. Егерде көргенін не естігенін өзі жасаса мәліметтің 90%-ын қабылдайды екен. Бұдан туатын қорытынды білім беру оқыту үрдісі үнемі көрнекі құралмен практикалық іс-әрекетпен ұштасып отырылуы қажет деген ұғым туады.

Бұрыннан келе жатқан педагогикалық іс-тәжірибеге сүйенсек:

Орташа педагог -баяндайды,

Жақсы педагог -түсіндіреді

Тәжірибелі педагог -көрсетеді

Ұлы педагог-шабыттандырады деген сөзге түгелімен қосылуға болады.



Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында «Кәсіби - техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге, білім мен өндірістің өзара ықпалдастығын қалыптастыруға бағдар ұстануы керек» деп атап көрсеткен болатын.

**Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев**



Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі ережелерінде 1 жастан 3 жасқа дейінгі баланың бес білім беру салаларының үйлесімді бірігуі арқылы дамуын қарастырады: денсаулық, таным, қатынас, шығармашылық және әлеуметтік орта. Ал, **білім беру саласы-дегеніміз** мектепке дейінгі балалардың физикалық, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін білімді, практикалық дағды мен шеберлік жиынтығын қамтитын білім беру стандартының бір бөлігі деп айқын көрсеткен. Мектепке дейінгі мекемелер мен мектепке дейінгі ұйымдар осы стандарт негізінде балаға тәлім тәрбие беруде.

Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасында дуалды білім беру жүйесін енгізу қажеттілігіне аса мән беріліп отыр. Осының арқасында мемлекетімізде білім беру деңгейі жоғарылап, білікті мамандар қатары көбеймек. Теориялық білім мен қатар практикалық дайындыққа ие болатын білікті мамандар дайындау мәселесін шешуге бағытталған және кәсіпорындар мен білім беру мекемелерінде сұранысқа ие болатын дуалды білім беру жүйесін енгізу қазіргі заман талабы. Осы мақсатта біздің колледжімізде дуалды оқыту жүйесі бойынша топ жасақталып, өз жұмысын жалғастыруда.

Әлемдік білім беру саласындағы өзық тәжірибенің бірі- дуалды оқыту жүйесі. Яғни, теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, кәсіби маман даярлау.



Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды талап етеді. Осыған байланысты қойылған басты міндет-мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіру, жұмыс берушілер мен оқу орындарын облыстық кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесінде жұмылдыру.

Дуалды жүйемен оқытудың жетістігі көп.

Біріншіден, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған оқушы жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады. Екіншіден, жақсы білімді, болашақ жұмысшы маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға бейімделеді.

Үшіншіден, «тәжірибеден теорияға» принципімен жұмыс жүреді, оқушы теориялық, яғни текстпен айтудан гөрі, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді. Теориядағы қиындық келетін терминдер мен есептерді тәжірибе жүзінде шешеді.



Төртіншіден, жұмыс берушінің оқушыға берген бағасы дайындалған маманның біліктілігімен байқалады. Алғашқы күннен бастап ұзақ уақыт өндірісте жұмысшы болған оқушы, өзінің білім мен ынтасын көрсетеді. Бесінші, оқытушы тек қана теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді. Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы дуалды оқыту технологиясы енгізіліп, жүзеге асқан кезде қол жеткізетін нәтижелер. Үлкен әріппен жазылатын мамандық иесі болу үшін алдымен сапалы білім мен шығармашылық қабілет қажет. Өйткені, білім арқылы адамның қабілеттілігі артса, ал қабілеттілік білікті маман болуына өз үлесін тигізеді. Ел сеніміне кіретін құрметті мамандық иесі болу үшін білім алуға барлық күш-жігерімізді жұмсап, өз-өзімізді биіктен көрсетейік дегім келеді.

Егеменді еліміздің ертеңі – болашақ маман иелері болу өз қолымызда екені даусыз

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжі



ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЭКСПЕРИМЕНТИ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қызылорда, 2017ж

ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ

- Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы (27 шілде 2007 ж)
- Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (01.01.2016ж)
- Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда № 13422 болып тіркелген Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы
- ҚР Білім және ғылым министрлігі әзірлеген Техникалық және кәсіптік білім беру бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары (Бұйрық №150 24.04.2013ж)
- Қызылорда облысы Білім басқармасының 2014 қыркүйектегі № 146-НҚ бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің аталған мамандық бойынша Техникалық және кәсіптік білім бойынша үлгілік оқу жоспарлары және білім беретін оқу бағдарламаларының жинағы мен Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту өндіріс стандарты ҚР МЖМБС 23.08.2012 ж.
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №2015 жарлығымен бекітілген)



ӨЗЕКТІЛІГІ:

- Оқу теориялық біліммен тәжірибелік білім арасындағы алшақтықты азайту;
- Практикалық сағаттардың үлесін арттыру;
- Әдістемелік пәндердің тәжірибелік сағаттар санын арттыру;
- Оқушылар білімін бағалауда мектепке дейінгі мекеме мамандарын тарту;
- Оқушыларды еңбек нарығының сұранысына сәйкес бейімдеу.

Өндірістік оқытудың мақсат-міндеттері:

- Студенттердің балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық біліктіліктер мен дағдыларын жетілдіру;
- Тәрбиешінің ұйымдастырылған оқу қызметін жүргізуінің жолдары мен оқытудың озық технологиясына, балалардың танымдық қабілеттерін қалыптастыру дағдыларының әдістерін меңгертуді бақылау, талдау, өткізу;
- Білім алушылармен мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау, білікті кадрлардың балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастырудағы білімдерін, біліктіліктерін, дағдыларын іскерлікпен пайдалану жағдайларын бақылау және үйрену, оны ұйымдастыру.



ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛЫ

- Эксперименттік алаңдарды айқындау; (Шұғыла-1, Нұр-Шұғыла-2,);
- Бесжақты келісім шарт жасау (мектепке дейінгі мекеме, оқу орны, білім басқармасы, облыстық кәсіпкерлер палатасы, студенттер);
- Жұмыс оқу жоспарын әзірлеу, жұмыс оқу бағдарламасын, тәжірибе жинақтау бағдарламасын, апталық,
- айлық циклограммаларын,
- сабақ жоспарларын даярлау.
- Біріккен қорытынды есептік
- конференциялар ұйымдастыру,
- есеп беру, бағалау,
- түзету коррекциялау жұмыстары



Өндірістік оқыту бойынша жалпы мәлімет

- ❖ Тобы: **МДБ-Т-14**
- ❖ Курс: **ІІІ**
- ❖ Мамандығы: **0101000 - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»**
- ❖ Колледжден өндірістік оқытуға мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығының оқытушылары бекітілді.
- ❖ Мектепке дейінгі мекеме орындарынан «Шұғыла-1», «Нұр-Шұғыла-2» балабақшаларының тәрбиеші-педагогтары бекітілді.





*“Нұр – Шұғыла”
балабақшасы*

ТӘРБИЕШІ БОЛУ- БІР БАҚЫТ



**«Балауса» ересектер тобы
Маханбетәбдиева Айнүр Әсетқызы
Нүргүл Жұмабекқызы**



**«Өркен» естиярлар тобы
Сарбасова Бағила Алтынбекқызы
Арайлым Серғалиқызы**



**«Светлячок» II сәбилер тобында
Куралова Лаура Нурдаулетовна
Сақтапбергенова Дина Амангилловна**

«Ең үздік мамандық – менің мамандығым»



«Өркен» естиярлар тобында 8-наурыз Халық аралық әйелдер күніне арналған топ тәрбиешілерімен бірге өткізілген ертеңгілік





Ән-әуез жетекшісі **Дана Толыбековна** мен би жетекшісі **Айгерім Қуатқызымен** өткізілген іс-шараларға өз үлесімді қостым

«Светлячок» II кіші тобындағы оқу қызметінің көріністері



Бала еш нәрсеге қызықпаса, еш нәрсені үйрене алмайды.

С.А.Макаренко





Сәбиге ойынның бәрі елеулі, өйткені ол ойнап жүріп өмір сүреді. Ол ойнаған кезде ғана өмір сүреді де, жаттығады да, жан мен тәнін өсіеді де
А. В. Луначарский



Ал қанекей, әжелер

Әр күнім бір –мереке!
Балбақшадағы балалардың туылған күн сәттерінен үзінді



“Бейнелеу өнері негіздері және оқыту әдістемесі” бойынша колледж оқытушысы Алишева Күлжан апаймен жүргізілген жұмыстар



Бейнелеу өнері негіздері және оқыту әдістемесінің өндіріс оқытушысы Өмірзақова Жібек апаймен



“Балаларды табиғатпен таныстыру” әдістемесі бойынша өндіріс оқытушысы Мөлдір Сабырханқызымен ересектер тобының табиғат бұрышында



“Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру” әдістемесі бойынша “Нұр-Шұғыла 2” балабақшасының өндіріс оқытушысы А. Жумабековнамен ересек топ бүлдіршіндерімен



“Дене тәрбиесі және оқыту әдістемесі” пәні бойынша оқытушы Сақтапбергенова Меруерт Амангелқызымен өндірістік оқыту уақытында



Қорытынды конференция кездерінен үзінді



Мен өмірге қуанамын. Кейбір кезде өмірде кездесетін қолайсыздықтар мен келеңсіздіктерден шаршағанда адамдар: «Шіркін кішкентай бала болып кетсем-ғой» -деп армандайды. Бұл көп адамдардың арманы. Олар бала сияқты өмірдің қуанышын сезіне білгісі, балалар сияқты бақытты болғысы келеді. Сондықтан біздің қуануымызға, бақытты сезінуімізге алдымызда отырған балалар, біз таңдаған мамандық көп көмегін тигізеді

Бұл мамандықты «Өмірдің қуанышы» деп атауға болады.





Назар аударғандарыңызға
рахмет

